

Ғылыми кеңестің

2023 жылғы «30» науқынгы

шешімімен бекітілді

Хаттама № 14

Академик Е.А. Бекетов атындағы

Қарағанды университетінің

Басқарма Төрағасы – Ректоры,

профессор Н.О. Дулатбеков.



**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және
өнірлік олимпиадалардың женімпаздарына және (немесе)**

халықаралық олимпиадалардың женімпаздарына

**Академик Е.А. Бекетов атындағы атаулы стипендия
беру тәртібі туралы**

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» ҚР Заны, Академик Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университетінің Жарғысы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде әзірленді.

2. Ереже мемлекеттік білім гранттарының иегерлері және 9,10,11 сыныптарда оқу кезеңінде халықаралық олимпиадалардың (1, 2 және 3 орын), 11 сыныпта оқу кезеңінде республикалық олимпиадалардың (1, 2, 3 орын) және 11 сыныпта оқу кезеңінде Қарағанды облысының жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық олимпиадасының (1 орын) женімпаздары болып табылатын студенттерге академик Е.А. Бекетов атындағы атаулы стипендия (бұдан әрі – атаулы стипендия) беру тәртібін белгілейді (№1 қосымша).

2. Атаулы стипендияны тағайындау және төлемді тоқтату тәртібі

3. Атаулы стипендия тағайындау үшін үміткерлердің кандидатураларын университеттің Қабылдау комиссиясы айқындейдайды.

4. Конкурсқа қатысу үшін үміткер Қабылдау комиссиясына I, II, III дәрежелі дипломдарын, ҰБТ сертификатын (бар болса), грант туралы

куәлікті ұсынады. Ірікеу барысында пәндік олимпиаданың бағыты және оның білім беру бағдарламасының бейініне сәйкестігі ескеріледі.

5. Атаулы стипендия алуға үміткерлердің кандидатуралары ректордың бұйрығымен құрылған конкурстық комиссияның отырысында қаралады. Комиссия төрағасы кандидатураларды бекіту үшін комиссияның шешімін Фылыми кеңестің отырысына шығарады.

6. Студенттердің атаулы стипендия тағайындауға кандидатуралары бекітілгеннен кейін ректордың бірінші академиялық кезеңге стипендия тағайындау туралы бұйрығы шығарылады.

7. Академик Е.А. Бекетов атындағы атаулы стипендия айлық мемлекеттік стипендияға баламалы мөлшерде төленеді.

8. Атаулы стипендия төлемін ұзарту факультет деканының өтініш хаты мен факультет кеңесінің шешімі негізінде қысқы/жазғы емтихан сессияларының қорытындылары бойынша «өте жақсы» және «жақсы» (улгерімнің орташа балы - кемінде 3,5 балл) бағалары бар, транскриптпен расталған студенттердің оқу жетістіктерінің нәтижелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

9. Атаулы стипендияны төлеу мынадай жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:

- стипендиатты университеттен оқудан шығару;
- басқа білім беру бағдарламасына ауысқан кезде;
- емтихан сессиясының нәтижелері бойынша берешектердің және қанағаттанарлықсыз бағалардың болуы;
- стипендиаттың 6 ай және одан да көп мерзімге ұзак іссапары (академиялық ұтқырлық);
- ішкі тәртіпті бұзғаны үшін;
- басқа атаулы стипендия алу;
- академиялық демалыс беру кезінде.

10. Академик Е.А. Бекетов атындағы атаулы стипендия атаулы стипендия тағайындау туралы бұйрық шығарылған күннен кейінгі айдың 1-ші күнінен бастап университеттің бюджеттеннен тыс қаражаты есебінен есептеледі және төленеді.

11. Атаулы стипендия төлеуді тоқтату туралы шешім Академиялық жұмыс департаментінің директорымен және академиялық мәселелер жөніндегі проректормен келісім бойынша тиісті факультет деканының ұсынысы негізінде ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

3. Қорытынды ережелер

12. Осы Ереже Университеттің Фылыми кеңесінің отырысында бекітіледі және Академиялық мәселелер жөніндегі департаментте сақталады.

13. Осы Ереже Университеттің Фылыми кеңесінің шешімімен өзгерілтуі және толықтырылуы мүмкін.

Наименование олимпиады

Международные олимпиады по общеобразовательным предметам:

1. Международная олимпиада по математике (IMO);
2. Международная олимпиада по физике (IPhO);
3. Международная олимпиада по химии (IChO);
4. Международная олимпиада по биологии (IBO);
5. Международная олимпиада по географии (IGeO);
6. Международная олимпиада по информатике (IOI);
7. Международная олимпиада по лингвистике (IOL);

Республиканские олимпиады по общеобразовательным предметам:

Республиканская олимпиада для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам (4-й заключительный этап) 15 предметов.

Республиканская олимпиада для учащихся 9-11 (12) классов по общеобразовательным предметам (3-й областной этап) 15 предметов.